

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 19 қарашадағы N 1405 қаулысына толықтырулар енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 15 мамыр N 640. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001.12.19. N 1660 қаулысымен. ~P011660

Балалар мен жастардың қоғамдық бірлестіктерінің қызметіне жағдай жасау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу үшін алым төлеу тәртібі туралы Ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 19 қарашадағы N 1405 P961405\_ қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1996 ж., N 47, 457-құжат) мынадай толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу үшін алым төлеу тәртібі туралы ережеде:

6-тармақ мынадай мазмұндағы екінші абзацпен толықтырылсын:

"балалар мен жастардың қоғамдық бірлестіктерін, олардың филиалдары мен өкілдіктерін мемлекеттік (есепті) тіркеу үшін алым, оны төлеген күнгі қолданылған есеп көрсеткіштің екі еселенген мөлшерінде алынады";

7-тармақ мынадай мазмұндағы екінші абзацпен толықтырылсын:

"Балалар мен жастардың қоғамдық бірлестіктерін, олардың филиалдары мен өкілдіктерін мемлекеттік (есепті) қайта тіркеу үшін алым 50 пайыз, ал оларға мемлекеттік (есепті) тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің көшірмесі берілген жағдайда - Ереженің 6-тармағының үшінші абзацында көзделген ставканың 25 пайызы мөлшерінде алынады".

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Мамандар:

Багарова Ж.А.,

Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК